

Қазақстан Республикасының кейбір аудандық және оған теңестірілген соттарын тарату және Қазақстан Республикасы соттарының кейбір кадр мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 197 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына, 31-бабының 2, 8-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

М ы н а л а р :

Ақмола облысы Бурабай ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;
Шығыс Қазақстан облысы Зырянов ауданының мамандандырылған әкімшілік соты,
Шемонаиха ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;
Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;
Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының № 2 аудандық соты, Ұлытау ауданының № 2 аудандық соты, Жезқазған қаласының мамандандырылған әкімшілік соты;
Павлодар облысы Ақсу қаласының мамандандырылған әкімшілік соты таратылсын.

Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес, кейбір соттардың төрағалары мен судьялары қызметіне тағайындалсын және қызметінен босатылсын.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы Жарлықтан туындайтын қажетті ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті *Н.Назарбаев*

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Жарлыққа қосымша РҚАО-ға келіп түскен жоқ.